Әділет

# 2009 жылға арналған облыстық бюджет туралы

*Күшін жойған*

Қызылорда облыстық мәслихатының 2008 жылғы 11 желтоқсандағы N 114 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 24 желтоқсанда N 4213 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облыстық мәслихатының 2010 жылғы 01 сәуірдегі N 1-214м хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - ( Қызылорда облыстық мәслихатының 2010.04.01 N 1-214м хатымен).

РҚАО ескертпесі:
Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , сондай-ақ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылға арналған облыстық бюджет 1-қосымшаға сәйкес мынадай көлемде бекітілсін:
1) кірістер - 92 999 504 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер - 19 330 208 мың теңге;
салықтық емес түсімдер - 663 223 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер - 3 500 мың теңге;
трансферттер түсімдері - 73 002 573 мың теңге;
2) шығындар - 93 774 468 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредит беру - 400 774 мың теңге;
бюджеттік кредиттер - 815 000 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу - 327 426 теңге;
4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 1 632 160 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу - 1 632 160 мың теңге;
мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) - -2 807 898 теңге;
6) бюджет тапшылығы қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 2 807 898 теңге.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облыстық мәслихатының 2009.01.29 N 134 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.04.13 N 152 (

2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.04.21 N 156 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.07.08 N 175 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.10.02 N 181 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.11.11 N 190 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. Аудандар мен Қызылорда қаласының бюджеттерінен облыстық бюджетке кірістерді бөлу нормативтері төмендегідей болып белгіленсін:

жеке табыс салығы: аудандар бюджеттерден - 0 пайызға, Қызылорда қаласының бюджетінен - 50 пайызға;

әлеуметтік салық аудандар бюджеттерінен - 10 пайызға, Қызылорда қаласының бюджетінен - 57,3 пайызға.

3. Аудандық бюджеттерге берілетін субвенциялардың көлемі 15 839 803 мың теңге болып белгіленсін, оның ішінде:

мың теңге

| | |
|---|---|
| Арал ауданы | 2 695 255 |
| Қазалы ауданы | 2 836 947 |
| Қармақшы ауданы | 1 925 079 |
| Жалағаш ауданы | 1 613 195 |
| Сырдария | 1 367 849 |
| Шиелі ауданы | 2 499 141 |
| Жаңақорған ауданы | 2 902 310 |

4. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттеріне төмендегі көлемде ағымдағы нысаналы трансферттердің қаралғаны ескерілсін:

1) мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбиемен қамтамасыз ету мақсатында жалпы білім беретін мектептер жанынан шағын орталықтар ашуға - 82 051 мың теңге;

2) жаңадан ашылған балалар бақшасын ұстау шығындарына – 82 466 мың теңге;

3) ауыз сумен жабдықтау нысандарын күрделі жөндеуге - 176 569 мың теңге;

4) жергілікті маңыздағы автомобиль жолдарын орташа жөндеуге – 677 838 мың теңге;

5) аудан орталықтарының және қала типтес кенттердің бас жоспарларын әзірлеуге - 20 090 мың теңге;

6) мектеп алды даярлықпен балаларды қамтуды көбейту мақсатында мемлекеттік білім беру мекемелерінен басқа мектепке дейінгі білім ұйымдарында мемлекеттік білім тапсырысын орналастыруға - 78 937 мың теңге;

7) "Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын (қала көшелерін) күрделі және орташа

жөндеуден өткізуге - 3 047 928 мың теңге;
8) Қызылорда қаласы бюджетіне су құбыры және кәріз жүйелеріне күрделі жөндеу жүргізуге – 30 728 мың теңге;
9) Ұлы Отан соғысы мүгедектері мен ардагерлеріне, Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан жауынгерлердің қайтадан некеге отырмаған жесірлеріне , Ұлы Отан соғысы жылдарындағы концлагердің жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына біржолғы жәрдемақыға – 16 532 мың теңге;
10) елді мекендердегі локальды су жүйелерінің төлқұжаттарын жасауға – 188 477 мың теңге;
11) облыстық маңызы бар қалаларды, ауылдық (кенттерді) округтерді, абаттандыруға, көшелерді жарықтандыруға, жөндеуге, санитариясын қамтамасыз етуге Қызылорда қаласының 2009-2010 жылдардағы қысқы жылу беру маусымына дайындығына – 1 185 260 мың теңге;
12) білім беру объектілерін күрделі жөндеуге – 230 595 мың теңге;
13) азаматтардың жекелеген санаттарына тұрғын үйлерін газдандыруға біржолғы әлеуметтік көмек көрсетуге - 39 895 мың теңге.;
14) жалпы орта білім беретін мектептердің кітапхана қорын "Сырдария кітапханасы" көптомдығымен толықтыруға - 28 404 мың теңге.
Ескерту. 4-тармақ толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2009.01.29 N 134 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - 2009.04.21 N 156 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.07.08 N 175 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.10.02 N 181 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.
4-1. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттеріне республикалық бюджет қаржысы есебінен ағымдағы нысаналы трансферттері қаралғаны ескерілсін:
1) жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға - 501 046 мың теңге;
2) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құруға - 136 863 мың теңге;
3) мемлекеттік білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізуге - 338 399 мың теңге;
4) негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде физика, химия, биология кабинеттерін оқу құралдарымен жабдықтауға - 115 826 мың теңге;
5) аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі жөндеуге - 490 900 мың теңге;
6) ең төменгі күнкөрістің мөлшері өскеніне байланысты мемлекеттік атаулы

әлеуметтік көмек көрсетуге және 18 жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы төлеуге - 361 641 мың теңге;

7) ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға - 53 609 мың теңге;

8) медициналық-әлеуметтік мекемелерде тамақтану нормаларын ұлғайтуға - 2 968 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларын аудандар бюджеттеріне және Қызылорда қаласы бюджетіне бөлінуі Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы негізінде анықталады.

Ескерту. Шешім 4-1-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.01.29 N 134 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.04.13 N 152 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.04.21 N 156(2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.11.11 N 190(2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

5. Алынып тасталды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2009.01.29 N 134 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

5-1. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттеріне өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде республикалық бюджет қаржысы есебінен нысаналы ағымдағы трансферттері қаралғаны ескерілсін:

1) әлеуметтік жұмыс орындары және жастар практикасы бағдарламасын кеңейтуге – 328 688 мың теңге;

2) кенттерді, ауылдарды, ауылдық округтерді абаттандыруға – 202 600 мың теңге;

3) аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеуге - 1053128 мың теңге;

4) білім беру объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеуге – 477 828 мың теңге;

5) ауыз сумен жабдықтау жүйелерін күрделі және орташа жөндеуге – 235 551 мың теңге;

7) жылу жүйелерін жөндеуге – 260 000 мың теңге.

Ескерту. Шешім 5-1-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.04.21 N 156 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

5-2. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттеріне өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде облыстық бюджет қаржысы есебінен нысаналы ағымдағы трансферттері қаралғаны ескерілсін:

1) жылу жүйелерін жөндеуге – 405 512 мың теңге;

2) білім беру объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеуге – 255 638 мың теңге;

3) кенттерді, ауылдарды, ауылдық округтерді абаттандыруға – 150 000 мың теңге;

4) Қызылорда қаласының көшелерін орташа жөндеуге - 1 263 600 мың теңге.

Ескерту. Шешім 5-2-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.04.21 N 156 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

6. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте Қызылорда қаласы бюджетіне аз қамтамасыз етілген отбасылары студенттеріне қоғамдық автокөліктердегі жолақы шығындарына 64 478 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін.

7. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттеріне төмендегі көлемде нысаналы даму трансферттерінің қаралғаны ескерілсін:

1) білім беру объектілерін салуға және қайта жаңғыртуға - 2 943 917 мың теңге;

2) қалалар мен елді мекендерді абаттандыруды дамытуға - 100 000 мың теңге;

3) жылу-энергетикалық жүйені дамытуға - 121 400 мың теңге;

4) көлік инфрақұрылымын дамытуға – 45 696 мың теңге;

5) ауыз сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға - 124 567 мың теңге;

6) мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға – 8361 мың теңге.

Ескерту: 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облыстық мәслихатының 2009.01.29 N 134 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.04.21 N 156 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.07.08 N 175 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.10.02 N 181 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

7-1. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттеріне республикалық бюджет қаржысы есебінен нысаналы даму трансферттері қаралғаны ескерілсін:

1) тұрғын үй салуға және сатып алуға кредит беруге - 565 000 мың теңге;

2) мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға - 594 000 мың теңге;

3) инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға - 1 329 645 мың теңге;

4) сумен жабдықтау жүйесін дамытуға - 4 676 977 мың теңге;

5) Алынып тасталды - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.04.21 N 156 (

2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Нысаналы даму трансферттерінің аталған сомаларын аудандар бюджеттеріне және Қызылорда қаласы бюджетіне бөлінуі Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы негізінде анықталады.

Ескерту: Шешім 7-1-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2009.01.29 N 134 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Қызылорда облыстық мәслихатының 2009.04.13 N 152 ( 2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.04.21 N 156 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

8. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте жергілікті атқарушы органдардың бір жолғы талон жинау қызметі өкілеттіліктерін беруге байланысты аудандық бюджеттерден, Қызылорда қаласы бюджетінен бойынша 52 611 мың теңге көзделсін.

Аудандық бюджеттерден, Қызылорда қаласы бюджетінен трансферттердің аталған сомаларының облыстық бюджетке түсімдері Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

8-1. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттеріне өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде республикалық бюджет қаржысы есебінен нысаналы даму трансферттері қаралғаны ескерілсін:

1) ауыз сумен жабдықтау жүйелері құрылысына және қайта жаңғыртуға – 875 419 мың теңге.

Ескерту. Шешім 8-1-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.04.21 N 156 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8-2. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттеріне өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде облыстық бюджет қаржысы есебінен нысаналы даму трансферттері қаралғаны ескерілсін:

1) ауыз сумен жабдықтау жүйелерін қайта жаңғыртуға - 632 535 мың теңге.

Ескерту. Шешім 8-2-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.04.21 N 156 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.07.08 N 175 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

9. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте жергілікті атқарушы органдардың төмендегі өкілеттіліктерін беруге байланысты облыстық бюджеттен республикалық бюджетке трансферттерді қайтару:

төтенше жағдайлар саласында - 30 703 мың теңге;

санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау саласында - 710 946 мың теңге

көзделсін.

10. Облыстың жергілікті атқарушы органдарының 2009 жылға арналған резерві 592 706 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 10-тармаққа езгеріс енгізілді - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.04.21 N 156 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.07.08 N 175 ( 2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.10.02 N 181 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

11. Облыстың жергілікті атқарушы органдарының қарыз лимиті 6 231 311 мың теңге сомасында болып белгіленсін.

12. 2009 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде 2-қосымшаға сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін.

13. 2009 жылға арналған облыстық бюджеттің бюджеттік даму бағдарламасының және заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту тізбесі 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

14. Алынып тасталды - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.07.08 N 175 ( 2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

15. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте Сырдария ауданы әкіміне мектепке дейінгі балалар бақшасының желісін көбейту мақсатында ғимарат сатып алу үшін 5 000 мың теңге қаралған ескерілсін.

Ескерту. Шешім 15-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.04.21 N 156 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

16. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте облыстың денсаулық сақтау басқармасына 2008-2010 жылдарға арналған "Әлеумет" өңірлік бағдарламасына сәйкес Жаңақорған ауданының Шалхия кентіндегі туберкулезге қарсы күрес санаториясының төсек орнын көбейту мақсатында облыстың коммуналдық меншігіне ғимарат сатып алуға 160 000 мың теңге қаралғаны ескерілсін.

Ескерту. Шешім 16-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.04.21 N 156 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

17. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте ауылдық елді мекендерді электрлендіру мақсатында "Қызылорда электр тарату желілері компаниясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайтуға 409 000 мың теңге қаралғаны ескерілсін.

Ескерту. Шешім 17-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.04.21 N 156 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

18. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте Арал ауданы бюджетіне

Аманөткел ауылдық округінің Хан елді мекені тұсындағы Сырдария өзені арқылы өтетін қалқымалы көпірді сатып алуға 12 000 мың теңге.

Ескерту. Шешім 18-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.04.21 N 156 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

19. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою шараларын жүргізуге қосымша 346 078 мың теңге қаралсын.

Ескерту. Шешім 19-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.04.21 N 156 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.07.08 N 175 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

20. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте облыстың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында "Қызылордаагросервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жарғылық капиталын ұлғайтуға - 200 000 мың теңге.

Ескерту. Шешім 20-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.07.08 N 175 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

21. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте бюджеттік сала қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруға жағдай жасау мақсатында "Мемлекеттік қызметшілерді және бюджеттік сала қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру өңірлік орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына ғимарат сатып алуға - 50 000 мың теңге.

Ескерту. Шешім 21-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.07.08 N 175 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

22. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте Қызылорда қаласы бюджетіне кіріс бөлігінің орындалмауына байланысты орнын толтыруға - 326 766 мың теңге.

Ескерту. Шешім 22-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.07.08 N 175 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

23. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте Қызылорда қаласы бюджетіне 3 ипотекалық тұрғын үй құрылысын аяқтауға бюджеттік кредит беруге - 113 200 мың теңге.

Ескерту. Шешім 23-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.07.08 N 175 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі)

шешімімен.

24. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте Қызылорда қаласы бюджетіне 2 арендалық тұрғын үйлердің құрылысын аяқтауға - 17 900 мың теңге.

Ескерту. Шешім 24-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.07.08 N 175 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

25. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте Қызылорда қаласы бюджетіне Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрын орталықтандырылған жылу жүйесіне қосуға - 17 786 мың теңге.

Ескерту. Шешім 25-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.07.08 N 175 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

26. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте Қызылорда қаласы бюджетіне коммуналдық меншікке ғимарат алуға - 30 100 мың теңге.

Ескерту. Шешім 26-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.07.08 N 175 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

27. Алынып тасталды - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.10.02 N 181 ( 2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

28. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте Арал ауданының бюджетіне Шөміш елді мекеніндегі бастауыш мектебінің негізгі мектепке ауысуына байланысты ұстап тұру шығындарының көбеюіне - 6 979 мың теңге қаралсын.

Ескерту. Шешім 28-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.10.02 N 181 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

*Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс XI сессиясының төрағасы Қ. Әжібеков*

*Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы Н. Құдайбергенгов*

Қызылорда облыстық мәслихатының 2008 жылғы 11 желтоқсандағы кезектен тыс XI сессиясының N 114 шешіміне 1-қосымша

## 2009 жылға арналған облыстық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық мәслихаттың 2009.11.11 N 190 ((2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

| Санаты | | | | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| | Сыныбы | | | |
| | | Ішкі сыныбы | | |
| | | | Атауы | |
| | | | 1. Кірістер | 92999504 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 19330208 |
| | 01 | | Табыс салығы | 1914135 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 1914135 |
| | 03 | | Әлеуметтік салық | 1641988 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 1641988 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 15774085 |
| | | 3 | Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 15774085 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 663223 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін түсімдер | 27900 |
| | | 1 | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігіндегі түсімдер | 2140 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 6420 |
| | | 6 | Бюджет қаражатын банк шоттарында орналастырғаны үшін сыйақылар (мүдделер) | 2200 |
| | | 7 | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар ( мүдделер) | 17140 |
| | 02 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер | 3000 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер | 3000 |
| | 03 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 1900 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 1900 |
| | 04 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 270043 |
| | | 1 | Мұнай секторы кәсіпорындарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 270043 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 360380 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 360380 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 3500 |
| | 01 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 3500 |
| | | 1 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 3500 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 73002573 |
| | 01 | | Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер | 323684 |
| | | 2 | Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер | 323684 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 72678889 |
| | | 1 | Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер | 72678889 |
| Функционалдық топ | | | | |
| | Бюджеттік бағдарлама әкімшісі | | | |
| | | Бағдарлама | | |
| | | | Атауы | |
| | | | 2.Шығындар | 93774468 |
| 01 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 1119043 |
| | 110 | | Облыс мәслихатының аппараты | 27322 |
| | | 001 | Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету | 27322 |
| | 120 | | Облыс әкімінің аппараты | 549445 |
| | | 001 | Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету | 410181 |
| | | 002 | Ақпараттық жүйелер құру | 139264 |
| | 257 | | Облыстың қаржы басқармасы | 449058 |
| | | 001 | Қаржы басқармасының қызметін қамтамасыз ету | 63593 |
| | | 002 | Ақпараттық жүйелер құру | 4268 |
| | | 003 | Біржолғы талондарды беруді ұйымдастыру және біржолғы талондарды өткізуден түсетін сомаларды толық жиналуын қамтамасыз ету | 52611 |
| | | 009 | Коммуналдық меншікті жекешелендіруді ұйымдастыру | 1576 |
| | | 010 | Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату | 244 |
| | | 113 | Жергілікті бюджеттерден алынатын трансферттер | 326766 |
| | 258 | | Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы | 93218 |
| | | 001 | Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының қызметін қамтамасыз ету | 93218 |
| 02 | | | Қорғаныс | 466263 |
| | 250 | | Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей зілзалалардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы | 409048 |
| | | 001 | Жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, аварияларме дүлей зілзалалардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасының қызметін қамтамасыз ету | 27457 |
| | | 003 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 8306 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 005 | Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру | 13262 |
| | | 006 | Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою | 353574 |
| | | 007 | Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғаныс | 6449 |
| | 271 | | Облыстың құрылыс басқармасы | 57215 |
| | | 002 | Жұмылдыру дайындығы мен төтенше жағдайлардың объектілерін дамыту | 57215 |
| 03 | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 2522202 |
| | 252 | | Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы | 2522202 |
| | | 001 | Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органының қызметін қамтамасыз ету | 2416243 |
| | | 002 | Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету | 103959 |
| | | 003 | Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу | 2000 |
| | | 008 | Республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | |
| 04 | | | Білім беру | 19917039 |
| | 260 | | Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы | 826083 |
| | | 006 | Балалар мен жеткіншектерге спорт бойынша қосымша білім беру | 684310 |
| | | 007 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру | 141773 |
| | 261 | | Облыстың білім беру басқармасы | 6206237 |
| | | 001 | Білім беру басқармасының қызметін қамтамасыз ету | 66668 |
| | | 003 | Арнайы оқыту бағдарламалары бойынша жалпы білім беру | 881090 |
| | | 004 | Білім берудің мемлекеттік облыстық мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру | 56678 |
| | | 005 | Білім берудің мемлекеттік облыстық мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 35653 |
| | | 006 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру | 243160 |
| | | 007 | Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу | 19438 |
| | | 008 | Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу | 106114 |
| | | 009 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 738386 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 010 | Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау | 99811 |
| | | 011 | Балалар мен жеткіншектердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету | 63712 |
| | | 012 | Дамуында проблемалары бар балалар мен жеткіншектердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу | 71732 |
| | | 018 | Жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға аудандар ( облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 501046 |
| | | 019 | Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттарды табыс ету | 3906 |
| | | 024 | Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 1544710 |
| | | 026 | Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне білім беру саласында мемлекеттік жүйенің жаңа технологияларын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 338399 |
| | | 048 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 115826 |
| | | 058 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиалық кабинеттер құруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 136863 |
| | | 060 | Даярлау және қайта даярлау | 638513 |
| | | 113 | Жергілікті бюджеттерден алынатын трансферттер | 544532 |
| | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 272905 |
